

## Ядролық материалды физикалық қорғау туралы конвенцияға Түзетуді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 наурыздағы № 416-IV Заңы

2005 жылғы 8 шілдеде Венада қабылданған Ядролық материалды физикалық қорғау туралы конвенцияға Түзету ратификациялансын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті                                      Н. Назарбаев*

## Ядролық материалды физикалық қорғау туралы конвенцияға түзету

1. 1979 жылы 26 қазанда қабылданған, Ядролық материалды физикалық қорғау туралы конвенцияның атауы (бұдан әрі «Конвенция» деп аталатын) мынадай атауға ауыстырылады:

**ЯДРОЛЫҚ МАТЕРИАЛ МЕН ЯДРОЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ФИЗИКАЛЫҚ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ**

2. Конвенцияның кіріспесі төменде келтірілген мәтінмен ауыстырылады:  
**ОСЫ КОНВЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕР**

барлық мемлекеттердің атом энергиясын бейбіт мақсатта дамыту және қолдану құқығын және олардың атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану нәтижесінде ықтимал пайда алуға заңды мүдделілігін **ТАНИ ОТЫРЫП,** атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану мүддесінде ядролық технологияларды беру және халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу қажеттілігіне **КӨЗ ЖЕТКІЗЕ О Т Ы Р Ы П ,**

физикалық қорғаудың халықтың денсаулығын, қауіпсіздікті, қоршаған ортаны және ұлттық және халықаралық қауіпсіздікті қорғау үшін өмірлік мәні бар маңызын **Н А З А Р Ғ А                      А Л А                      О Т Ы Р Ы П ,**

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы тату көршілік және достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастыққа жәрдемдесуге қатысты қағидаттары мен **мақсаттарын                      ЕСКЕРЕ                      О Т Ы Р Ы П ,**

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысы 2-бабының 4-тармағына сәйкес «Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері оларды халықаралық қарым-қатынаста күшпен қорқыту немесе аумаққа қол сұқпаушылыққа немесе кез келген мемлекеттің саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолданудан тартынады, сөйтіп және қандай да бір басқаша түрде Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарымен сыйыспайтынын» **ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,**

Бас Ассамблеяның 1994 жылғы 9 желтоқсандағы 49/60 қарарына қосымшада қамтылған, халықаралық терроризмді жою шаралары туралы Декларацияға СІЛТЕМЕ  
Ж А С А Й О Т Ы Р Ы П ,

Ядролық материалдың заңсыз айналымы, оны заңсыз тартып алу мен пайдалану және ядролық материал мен ядролық қондырғыларға қатысты астыртын әрекет жасау нәтижесінде ықтимал қауіп-қатерді болдырмаудың алдын алуды ҚАЛАЙ ОТЫРЫП және мұндай әрекеттерден физикалық қорғаудың ұлттық және халықаралық деңгейлерде белең алған алаңдаушылықтың мәні болғанын атап көрсете отырып,

Оның барлық нысандары мен көріністерінде бүкіл дүние жүзінде террористік актілердің өрістеуіне, сондай-ақ халықаралық террористік және ұйымдасқан қылмысты құрайтын қауіп-қатердің күшеюіне МЕЙЛІНШЕ АЛАҢДАЙ ОТЫРЫП,

Физикалық қорғаныс ядролық таратпау және террористікке қарсы іс қимыл жасау мақсатын қолдауда маңызды рөл атқаратынын ПАЙЫМДАЙ ОТЫРЫП,

Осы Конвенция арқылы бейбіт мақсатта пайдаланылатын ядролық қондырғылар мен ядролық материалды физикалық қорғауды бүкіл әлемде нығайтуға жәрдемдесуді  
Қ А Л А Й О Т Ы Р Ы П ,

Ядролық материал мен ядролық қондырғыларға қатысты құқық бұзушылықтар қатты алаңдаушылықтың мәні болып табылады және тиісті әрі тиімді шараларды қабылдауға немесе осындай құқық бұзушылықтарды болдырмауды және анықтауды әрі олар үшін жазалауды көздейтін қазіргі шараларды өткір қажеттілік барына НЫҚ  
С Е Н І М Д І Б О Л А О Т Ы Р Ы П ,

Әрбір қатысушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына және осы Конвенцияға сәйкес, ядролық материал мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғау жөніндегі тиімді шараларды енгізу мақсатында халықаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды  
Қ А Л А Й О Т Ы Р Ы П ,

Осы Конвенция, сондай-ақ ядролық материалды пайдалануға, сақтауға және тасымалдауға, сондай-ақ ядролық қондырғыларды қауіпсіз пайдалануға қосымша қызмет етуге тиіс екеніне НЫҚ СЕНІМДІ БОЛА ОТЫРЫП,

Дүркін-дүркін жаңартылатын және физикалық қорғаудың тиімді деңгейіне қол жеткізудегі қазіргі заманғы құралдарға қатысты нұсқау бола алатын физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөнінде халықаралық деңгейде тұжырымдалған ұсыныстар бар екендігін ТАНИ ОТЫРЫП,

Сондай-ақ әскери мақсатта пайдаланылатын ядролық материал мен ядролық қондырғыларды тиімді физикалық қорғауды қамтамасыз ету осындай ядролық материал мен осындай ядролық қондырғылары бар мемлекеттің міндеті болып табылатын және мұндай материал мен мұндай қондырғылар бұрынғыша қатаң физикалық қорғауда екенін және қорғауда болатынын ТАНИ ОТЫРЫП,  
төменде келтірілгендермен КЕЛІСТІ:

3. Конвенцияның 1-бабында с) тармақшасынан кейін төменде келтірілген екі жаңа тармақша қосылады:

d) «ядролық қондырғы» егер мұндай қондырғыны пайдаланған кезде оған, араласу немесе бұзылуы радиоактивті материалдардың едәуір сәулеленуіне немесе едәуір шығарылуына әкеп соғуы мүмкін ядролық материалды өндіру, қайта өңдеу, пайдалану, өңдеу, сақтау немесе көму онда жүзеге асырылатын қондырғыны (онымен байланысты ғимараттар мен жабдықтарды қоса алғанда) білдіреді;

e) «іріткі салу» (саботаж) ядролық қондырғыларға немесе ядролық материалға қарсы оларды пайдалану, сақтау немесе тасымалдау кезінде радиоактивті сәулелену немесе радиоактивті заттардың сыртқа шығуы нәтижесінде персоналдың, халықтың немесе қоршаған ортаның денсаулығы мен қауіпсіздігіне тікелей немесе жанама қауіп-қатер туғызатын кез келген қасақана істелген іс-әрекетті білдіреді.

4. Конвенцияның 1-бабынан кейін жаңа 1 А бабы қосылады:

#### 1 А б а б ы

Осы Конвенцияның мақсаты бүкіл дүниежүзінде бейбіт мақсатта пайдаланылатын ядролық қондырғылар мен бейбіт мақсатта пайдаланылатын ядролық материалды физикалық қорғаудың тиімді деңгейіне; бүкіл дүниежүзінде осындай материал мен қондырғыларға байланысты құқық бұзушылықтарды болдырмаудан; сондай-ақ осындай құқық бұзушылықтармен күрестен; сондай-ақ осы мақсаттарға жетуде қатысушы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесуге қол жеткізуден және қолдаудан тұрады.

5. Конвенцияның 2-бабы төменде келтірілген мәтінмен ауыстырылады:

1. Осы Конвенция бейбіт мақсатта пайдаланылатын ядролық материалға және бейбіт мақсатта пайдаланылатын ядролық қондырғыларға пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде қолданылады, алайда, осы Конвенцияның 3 және 4-баптары және 5-бабының 4-тармағы ядролық материалды халықаралық тасымалдау процесіндегі осындай ядролық материалға ғана қолданылатын жағдайда қолданылады.

2. Қатысушы мемлекеттің ішінде физикалық қорғау режимін құруға, енгізуге және қолдауға жауапкершілік толық осы мемлекетке жүктеледі.

3. Осы Конвенцияға сәйкес қатысушы мемлекеттердің өзіне тікелей қабылдаған міндеттемелерінен басқа, осы Конвенцияда мемлекеттің егемен құқықтарын қозғаушы ретінде ештеңе түсіндірілмейді.

4. а) халықаралық құқыққа сәйкес, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына және халықаралық гуманитарлық құқықтарға сәйкес, осы Конвенцияда ештеңе қатысушы мемлекеттердің басқа да құқықтарын, міндеттемелерін және жауапкершілігін қозғамайды.

б) қарулы жанжал кезіндегі қарулы күштердің іс-әрекеті осы құқықпен реттелетін халықаралық гуманитарлық құқықта түсінілетін осы сияқты терминдер, олардың ресми функцияларын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттердің әскери күштері қолданатын

іс-әрекеттер реттелмейтіні сияқты осы Конвенцияда реттелмейді, өйткені олар басқа халықаралық құқық нормаларымен реттеледі.

с) осы Конвенцияда ештеңе бейбіт мақсатта пайдаланылатын ядролық материалға немесе ядролық қондырғыларға қарсы күш қолдану немесе күш қолдану қауіп-қатерінің заңды шешімі ретінде түсіндіріле алмайды.

д) осы Конвенцияда ештеңе өзге де заңсыз іс-әрекетке қатысты жауапкершіліктен босатпайды немесе оларды заңдастырмайды және басқа да құқықтық актілер негізінде жауапкершілікке тартуға кедергі жасамайды.

5. Осы Конвенция әскери мақсатта пайдаланылатын немесе сақталатын ядролық материалға немесе осындай материал құрамында бар ядролық қондырғыға қолданылмайды.

6. Конвенцияның 2-бабынан кейін жаңа 2 А бабы қосылады:

2 А бабы

1. Әрбір қатысушы мемлекет:

а) ядролық материалды пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде ұрлаудан және басқа да заңсыз тартып алудан қорғау;

б) жоғалған немесе ұрланған ядролық материалды табу және тиісті жағдайларда қайтару бойынша жедел және бәрін түгел қамтитын шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету; материал оның аумағынан тыс жерден табылса, осы қатысушы мемлекет 5-бапқа сәйкес әрекет етеді;

с) ядролық материал мен ядролық қондырғыларды саботаждан қорғау; және

д) саботаждың радиологиялық зардаптарын жеңілдету немесе ең төменгі деңгейге түсіру мақсатында, оның заңды құзырындағы ядролық материал мен ядролық қондырғыларға қолданылатын физикалық қорғаудың тиісті режимін құрады, енгізеді және қолдайды.

2. 1-тармақтың ережелерін жүзеге асыру кезінде әрбір қатысушы мемлекет:

а) физикалық қорғауды басқаруды ұйымдастыру үшін заңнамалық және реттеуші негіз жасайды және қолдайды;

б) заңнамалық және реттеуші негіздерді іске асыруға жауапты болатын құзыретті органды немесе құзыретті органдарды құрады немесе тағайындайды;

с) ядролық материал мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғау үшін қажетті басқа да тиісті шараларды қабылдайды.

3. Әрбір қатысушы мемлекет 1 және 2-тармақтарға сәйкес міндеттемелерді орындау кезінде осы Конвенцияның кез келген басқа ережелеріне зиян келтірмей, ядролық материал мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғаудың мынадай негіз қалаушы қағидаттарын қаншалықты негізделуіне және іске асуы мүмкіндігіне қарай, соншалықты қолданады.

НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ А: мемлекеттің жауапкершілігі

Мемлекет ішіндегі физикалық қорғау режимін құру, енгізу және қолдау

жауапкершілігі толық осы мемлекетке жүктеледі.

НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ В: *Халықаралық тасымалдау кезіндегі жауапкершілік*

Ядролық материалдың жеткілікті дәрежеде қорғалуын қамтамасыз етудегі, мемлекеттің жауапкершілігі әзірше осы жауапкершілік тиісті жағдайларда тиісті түрде басқа мемлекетке тапсырылған сәтке дейін оның халықаралық тасымалына қолданылады.

НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ С: *Заңнамалық және реттеуші негіз*

Мемлекет физикалық қорғауды басқаруды ұйымдастыру үшін заңнамалық және реттеуші негіздерді құруға және қолдауға жауапты болады. Бұл негіз қолдануға келетін физикалық қорғау талаптарын-белгілеуді қамтамасыз етуі және бағалау мен лицензиялау жүйесін немесе рұқсаттар беретін басқа да рәсімдерді қамтуы тиіс. Бұл негіз лицензиялардың қолдануға келетін талаптары мен шарттарының немесе басқа да рұқсат ететін құжаттың сақталуын тексеру, сондай-ақ қолдануға келетін талаптар мен шарттардың сақталуын, соның ішінде тиімді рұқсат ететін шараларды қамтамасыз ету тетігін белгілеу үшін ядролық қондырғылар мен көлік құралдарын инспекциялау жүйесін қамтуы тиіс.

НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ D: *Құзыретті орган*

Мемлекет заңнамалық және реттеуші негіздерді іске асыруға жауап беретін құзыретті органды құруы немесе тағайындауы тиіс және оның өзіне тапсырылған міндеттерді орындауы үшін тиісті өкілеттіктері, құзыреті әрі қаржылық және адами ресурстары болуы тиіс. Мемлекет өз кезегінде, мемлекеттің құзыретті органдарының функциялары мен ядролық энергияны қолдануға немесе пайдалануға жәрдемдесу мәселелерімен айналысатын кез келген басқа органның функциялары арасындағы пәрменді тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін алдын ала қадам жасауы қажет.

НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ E: *Лицензиялар иелерінің жауапкершілігі*

Мемлекетте физикалық қорғаудың әртүрлі элементтерін іске асыру бойынша міндеттерді тиянақты айқындау қажет. Мемлекет тиісті лицензиялардың және басқа да рұқсат етуші құжаттардың (мысалы, операторларға немесе жүк жөнелтушілерге) иелеріне жүктелген ядролық материал мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғауды жүзеге асыруға негізгі жауапкершілікті қамтамасыз етуі қажет.

НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ F: *Қауіпсіздік мәдениеті*

Физикалық қорғауды жүзеге асыру мәселесімен айналысатын барлық ұйымдар, қауіпсіздік мәдениетіне оны бүкіл ұйымда тиімді жүзеге асыру үшін қажет фактор ретінде оны дамыту мен қолдауға оған тиісінше көңіл бөлуі қажет.

НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ G: *Қауіп-қатер*

Физикалық қорғаудың мемлекеттік жүйесін мемлекеттің жүргізген қауіп-қатерді ағымдағы бағалауына негіздеу қажет.

НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ H: *Сараланған көзқарас*

Физикалық қорғауға қойылатын талаптарды қауіп-қатерді ағымдағы бағалау нәтижелерін, салыстырмалы тартымдылығын, ядролық материалды рұқсатсыз алып қоюға және ядролық материал мен ядролық қондырғыларға қарсы саботажға байланысты материалдың сипаты мен ықтимал зардаптарын ескере отырып, сараланған көзқарасқа негіздеу қажет.

#### НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ І: *Тереңдетілген эшелондық қорғау*

Мемлекеттің физикалық қорғауға қойылатын талаптарында бірнеше эшелондардың тұжырымдамасы және өз мақсатына жету үшін тәртіп бұзушының еңсеруі немесе айналып өтуі талап етілетін қорғау әдістерін (құрылымдық немесе басқа инженерлік-техникалық, кадрлық және ұйымдастырушылық) көрсетуі қажет.

#### НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ J: *Сапаны қамтамасыз ету*

Физикалық қорғаудың көзқарас тұрғысындағы барлық аңызды қызмет түрлері үшін белгіленген талаптардың қанағаттандырылуына сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында, сапаны қамтамасыз ету саясаты мен бағдарламасын белгілеу және жүзеге асыру қажет.

#### НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ K: *Төтенше жағдайлардағы іс-қимыл жоспары*

Ядролық материалды рұқсатсыз алып қою немесе ядролық материалға немесе ядролық қондырғыларға қатысты саботаж немесе лицензиялардың барлық тиісті иелері мен құзыретті органдардың осындай іс-әрекеттері жағдайында жауап шаралар қабылдау мақсатында төтенше жағдайлардағы іс-қимыл жоспарлары дайындалуы және тиісті түрде жасалуы тиіс (авариялық іс-шаралардың жоспарлары).

#### НЕГІЗ ҚАЛАУШЫ ҚАҒИДАТ L: *Құпиялылығы*

Мемлекет рұқсатсыз ашу ядролық материал мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғауды қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін ақпараттың құпиялылығын қорғауға қатысты талаптарды белгілеуге тиіс.

4. а) осы баптың ережелері қатысушы мемлекеттердің негізделген шешіміне сәйкес, материалдың сипатын, оның мөлшері мен салыстырмалы тартымдылығын және осы материалға қатысты кез келген рұқсат етілмеген іс-әрекетке ілеспелі ықтимал радиологиялық және басқа да зардаптарды, сондай-ақ оған қатысты қауіп-қатерді ағымдағы бағалауға назар аудара отырып, 1-тармаққа сәйкес жасалған физикалық қорғау режимінің қолданылуын тарату қажеттілігі жоқ қандай да бір ядролық материалға қолданылмағанды.

б) а) тармақшасына сәйкес осы баптың ережелерінің қолданылуына жатпайтын ядролық материалды ұтымды пайдалану тәжірибесіне сәйкес қорғау қажет.

7. Конвенцияның 5-бабы төменде келтірілген мәтінмен ауыстырылады:

1. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияның қолданылу саласына кіретін мәселелер бойынша өз байланыс пунктін анықтайды және бұл туралы бір-бірін тікелей немесе Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің көмегі арқылы хабардар етеді.

2. Ядролық материалды ұрлау, тонау арқылы тартып алу немесе қандай да бір заңсыз иелену немесе осындай әрекеттердің нақты қауіп-қатері жағдайында қатысушы мемлекеттер өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес, осындай өтініш жасаған кез келген мемлекетке, осындай материалды қайтаруда және қорғауда барынша қол жетімді ынтымақтастық пен көмекті қамтамасыз етеді. Атап айтқанда:

a) қатысушы мемлекет оның ойынша бұл ядролық материалды ұрлау, тонау арқылы тартып алу немесе басқа да заңсыз тартып алуға немесе осындай іс-әрекеттердің нақты қауіп-қатері оларға қатысты басқа мемлекеттерге мүмкіндігінше жылдам хабарлау үшін тиісті қадам жасайды, сондай-ақ қажет болған жағдайда, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке және басқа да тиісті халықаралық ұйымдарға хабарлауға қатысты тиісті қадамдар жасайды;

b) бұл ретте қажет болған жағдайда мүдделі қатысушы мемлекеттер бір-бірімен, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікпен және басқа да тиісті халықаралық ұйымдармен қауіп-қатер төнген ядролық материалды қорғауды қамтамасыз ету, көлік контейнерінің бүтіндігін тексеру немесе заңсыз тартып алынған ядролық материалды қайтару мақсатында ақпарат алмасады, және:

i) өзінің күш-жігерін дипломатиялық және басқа да келісілген арналар арқылы үйлестіреді;

ii) егер сұрау салынса, көмек көрсетеді;

iii) жоғарыда аталған оқиғалардың нәтижесінде қайтарылып алынған, ұрланған немесе жоғалған ядролық материалды қайтаруды қамтамасыз етеді. Мұндай ынтымақтастықты жүзеге асыру тәсілдерін мүдделі қатысушы мемлекеттер анықтайды.

3. Ядролық материалға немесе ядролық қондырғыларға қатысты саботаждың нақты қауіп-қатері жағдайында немесе саботаж жағдайында оған қатысты қатысушы мемлекеттер өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес барынша мүмкін болған дәрежеде және өзінің халықаралық-құқықтық міндеттемелерін сақтай отырып мынадай түрде ынтымақтастық жасайды:

a) егер қатысушы мемлекетке басқа мемлекеттегі ядролық материалға немесе ядролық қондырғыларға қатысты саботаждың нақты қауіп-қатері туралы мәлім болса, сол мемлекетке, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, саботажды болдырмау мақсатында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік пен басқа да тиісті халықаралық ұйымдарға осы қауіп-қатер туралы мүмкіндігінше жылдам хабарлау үшін тиісті шаралар қабылдау туралы шешім қабылдайды;

b) егер қатысушы мемлекетте ядролық материалға немесе ядролық қондырғыларға қатысты саботаж жағдайында, оның ойынша, басқа мемлекеттер радиологиялық әсерге ұшырауы мүмкін болса, ол өзінің халықаралық құқықтары бойынша басқа да міндеттемелеріне еш зиянын тигізбей, радиологиялық әсерге ұшырауы мүмкін мемлекетті немесе мемлекеттерді мүмкіндігінше жылдам хабарлар ету үшін және қажет болған жағдайда, оның радиологиялық зардаптарын ең төменгі деңгейге түсіру

немесе жеңілдету мақсатында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік пен халықаралық ұйымдарды хабардар ету үшін тиісті шара қолданады;

с) егер, а) және б) тармақшаларының ережелері тұрғысында қатысушы мемлекет көмек туралы өтініш білдірсе, көмек туралы өтініш жіберілетін әрбір қатысушы мемлекет, кідіртпей шешім қабылдайды және сұрау салушы қатысушы мемлекетке тікелей немесе Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктің көмегімен, ол сұрау салынса, көмекті бере алатын жағдайда ма, сондай-ақ берілуі мүмкін көмектің көлемі мен шарттары туралы хабарлайды;

д) а), б) және с) тармақшаларының ережелеріне қатысты ынтымақтастықты үйлестіру дипломатиялық және басқа да келісілген арналар арқылы жүзеге асырылады. Мұндай ынтымақтастықты жүзеге асыру тәсілдерін мүдделі қатысушы мемлекеттер екі жақты немесе көп жақты негізде анықтайды.

4. Қатысушы мемлекеттер халықаралық тасымалдау процесінде ядролық материалды физикалық қорғау жүйесін ұйымдастыру, пайдалану және жақсарту жөнінде ұсынымдар алу мақсатында бір-бірімен тікелей немесе Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің және басқа тиісті халықаралық ұйымдардың көмегімен тиісті түрде ынтымақтастық жасайды және консультациялар өткізеді.

5. Қатысушы мемлекет басқа қатысушы мемлекеттермен тікелей немесе Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің және басқа да тиісті халықаралық ұйымдардың көмегімен ядролық материалды мемлекеттің ішінде пайдалану, ақтау және тасымалдау кезінде оны физикалық қорғаудың ұлттық жүйесін ұйымдастыру, пайдалану және жақсарту жөнінде олардың ұсынымдарын алу мақсатында тиісті түрде консультациялар өткізуі және ынтымақтастық жасауы мүмкін.

8. Конвенцияның 6-бабы төменде келтірілген мәтінмен ауыстырылады:

1. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенция ережелеріне орай немесе осы Конвенцияны жүзеге асыру мақсатында жүргізілетін қызметке қатысу нәтижесінде басқа қатысушы мемлекеттен құпия түрде алатын кез келген ақпаратты қорғау үшін өзінің ұлттық заңнамасымен үйлесімді тиісті шараларды қабылдайды. Егер қатысушы мемлекеттер, Конвенцияның қатысушылары болып табылмайтын халықаралық ұйымдарға немесе мемлекеттерге ақпаратты құпия түрде берсе, онда мұндай ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылданады. Басқа қатысушы мемлекеттен ақпаратты құпия түрде алған қатысушы мемлекет ондай ақпаратты үшінші тарапқа басқа қатысушы мемлекеттің келісімімен ғана бере алады.

2. Осы Конвенцияның шарттары бойынша қатысушы мемлекеттерден, ұлттық заңнамаға сәйкес таратуға құқығы жоқ немесе мүдделі мемлекеттің қауіпсіздігін немесе ядролық материалды немесе ядролық қондырғыларды физикалық қорғауға қауіп-қатер төндіретін қандай да бір ақпаратты беру талап етілмейді.

9. Конвенцияның 7-бабының 1-тармағы төменде келтірілген мәтінмен ауыстырылады :



а) құзыретті органдардың рұқсатынсыз ядролық материалды алу, иемдену, пайдалану, беру, түрін өзгерту, жою немесе ыдырату кез келген тұлғаның өліміне апарып соғатын немесе оған қатты зақым келтіретін немесе меншікке немесе қоршаған ортаға елеулі залал келтіретін іс-әрекетті;

б) ядролық материалды ұрлау немесе тонау арқылы тартып алуды;

с) ядролық материалды иемдену немесе алдамшы жолмен алуды;

д) ядролық материалды мемлекетке немесе одан құзыретті органдардың рұқсатынсыз тасымалдауды, жіберуді, ауыстыруды білдіретін іс-әрекеттерді;

е) егер бұл іс-әрекет аумағында ядролық қондырғы орналасқан қатысушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жасалмаса, немесе құқық бұзушы қасақана жасайтын, радиоактивті заттардың сәулеленуі немесе шығарылуы нәтижесінде кез келген адамның өліміне немесе қатты зақым немесе меншікке немесе қоршаған ортаға елеулі залал келтіруі ықтимал екені белгілі ядролық қондырғыларды пайдалануға араласуды білдіретін іс-әрекетті;

ф) ядролық материалды беру туралы күшпен қорқыту немесе күш қолдау арқылы немесе қорқытудың қандай болмасын басқа да түрлерінің көмегімен талап етуді білдіретін іс-әрекеттерді қасақана жасау;

г ) қ а у і п - қ а т е р л е р :

і) ядролық материалды кез келген адамның өліміне әкеліп соғу немесе оған қатты зақым келтіру немесе меншікке немесе қоршаған ортаға елеулі залал келтіру немесе е) тармақшасында көрсетілген құқық бұзушылықты жасау мақсатында пайдалану, немесе

ii) жеке немесе заңды тұлғаны, халықаралық ұйымды немесе мемлекетті қандай да бір іс-әрекетті жасауға мәжбүр ету немесе одан тартынуға мәжбүр ету мақсатында б) және е) тармақшаларында көрсетілген құқық бұзушылықты жасау;

h) а) - е) тармақшаларында көрсетілген құқық бұзушылықтың қандай бір түрін ж а с а у ғ а ә р е к е т ж а с а у ;

і) а) - h) тармақшаларында көрсетілген құқық бұзушылықтың қандай да бір түріне қатысуын білдіретін іс-әрекеттер;

j) а) - h) тармақшаларында көрсетілген құқық бұзушылықтың, қандай да бірін жасау мақсатында басқа тұлғаларды ұйымдастыратын немесе оларға басшылық жасайтын кез келген тұлғаның іс-әрекеті, және k) ол ортақ мақсатта жұмыс жасайтын адамдар тобының а) - h) тармақшаларында көрсетілген қандай да болмасын құқық бұзушылықтың бірін жасауға мүмкіндік туғызатын мұндай іс-әрекет қасақана істелген болып табылады және ж а с а л а д ы :

і) немесе қылмыстық мақсатын қолдау мақсатында, кейде осындай әрекет немесе мақсат а) - г) тармақшаларында көрсетілген құқық бұзушылықтардың бірін жасауды к ө з д е г е н д е ,

ii) немесе бұл топтың а) - г) тармақшаларында көрсетілген құқық

бұзушылықтардың бірін жасау ниетін ұғынған кезде; әрбір қатысушы мемлекеттің өзінің ұлттық заңнамасының шеңберінде жазаланатын құқық бұзушылық болып табылады.

10. Конвенцияның 11-бабынан кейін мынадай екі жаңа бап 11 А бабы және 11 В бабы қосылады:

1 1 А б а б ы

7-бапта көрсетілген бір де бір құқық бұзушылық саяси құқық бұзушылық немесе саяси құқық бұзушылықпен байланысты құқық бұзушылық немесе саяси себептермен жасалған құқық бұзушылықтар ретінде өзара құқықтық көмек беру мақсатында қарастырылмайды. Осының салдарынан осындай құқық бұзушылыққа байланысты өзара құқықтық көмек беру туралы өтініш, тек саяси құқық бұзушылық немесе саяси құқық бұзушылықпен байланысты құқық бұзушылық немесе саяси себептермен жасалған құқық бұзушылықтар негізінде бас тартуға болмайды.

1 1 В б а б ы

Осы Конвенцияда ештеңе, егер сұрау салынған қатысушы мемлекет 7-бапта айтылған құқық бұзушылықтарға байланысты қатысты құқықтық көмек көрсету туралы өтініш немесе осы тұлғаны нәсілі, діни сенімі, азаматтығы, этникалық шығу тегі немесе саяси нанымына қатысты жазалау немесе сотпен қудалау мақсатында осындай құқық бұзушылықпен қатысты құқықтық көмек көрсету туралы өтініш немесе осы өтінішті қанағаттандыруда кез келген осындай себептер бойынша осы адамның жағдайына зиян келтіріледі деп түсінуге кесімді негіздер болса, қандай да бір адамды беруге немесе өзара құқықтық көмек көрсетуге міндеттеме ретінде түсіндірілмейді.

11. Конвенцияның 13-бабынан кейін жаңа 13 А бабы қосылады:

1 3 А б а б ы

Осы Конвенцияда ештеңе ядролық материал мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғауды нығайту мүддесінде жүзеге асырылатын, бейбіт мақсат үшін ядролық технологияларды беруді қозғамайды.

12. Конвенцияның 14-бабының 3-тармағы төменде келтірілген мәтінмен ауыстырылады :

3. Егер құқық бұзушылық мемлекет ішінде ядролық материалды пайдалану, сақтау немесе тасымалдауға қатысты болса, ал болжамды құқық бұзушы мен ядролық материал, құқық бұзушылық жасалған қатысушы мемлекеттің аумағында қалса немесе егер құқық бұзушылық ядролық қондырғыға қатысты болса және болжамды құқық бұзушы құқық бұзушылық жасалған қатысушы мемлекеттің аумағында қалса, осы Конвенцияда ешнәрсе қатысушы мемлекетке осындай құқық бұзушылыққа байланысты сотта қылмыстық істі қарауға қатысты ақпаратты ұсынуға қойылған талап ретінде түсіндірілмейді.

13. Конвенцияның 16-бабы төменде келтірілген мәтінмен ауыстырылады:

1. 2005 жылғы 8 шілдеде қабылданған Түзету күшіне енген күннен бастап бес жыл

өткен соң, депозитарий осы Конвенцияның жүзеге асырылуын және ахуалдың осы сәтте қолданыстағы талаптарына барлық оның кіріспесінің, жедел бөлігі мен қосымшаларының сәйкестігін қарау жөніндегі қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақырады.

2. Бұдан әрі қатысушы мемлекеттердің көпшілігі бес жылда бір реттен жиілетпей депозитарийге тиісті ұсыныстармен жүгініп, сол мақсатта келесі конференцияларды шақыртуы мүмкін.

14. Конвенцияның II Қосымшасының <sup>b/</sup>сілтемесі мынадай мәтінмен ауыстырылады:

<sup>b/</sup> Реакторда сәулеленбеген материал немесе реакторда сәулеленген материал, алайда сәулелену деңгейі қорғалмаған (биологиялық) бір метр аралықтағы 1 грей/с (100 рад/с) тең немесе одан аз.

15. Конвенцияның II Қосымшасының <sup>e/</sup>сілтемесі мынадай мәтінмен ауыстырылады:

<sup>e/</sup> Сәулеленгенге дейін ыдырайтын изотоптардың алғашқы құрамының күшінде I және II санаттарға жатқызылған басқа отын, егер отынның сәулелену деңгейі қорғаныссыз (биологиялық) бір метр аралықтағы 1 грей/с (100 рад/с) асып кетсе, бір санатқа төмендетілуі мүмкін.

## **ЯДРОЛЫҚ МАТЕРИАЛДЫ ФИЗИКАЛЫҚ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ ТҮЗЕТУ**

Осымен Халықаралық атом энергиясы агенттігінің Бас директоры атынан, 1979 жылы 26 қазанда қабылданған Ядролық материалды физикалық қорғау конвенциясының (Конвенция) депозитарийі ретінде, қоса берілген құжат конвенцияға түзету көшірмесінің дұрыс және толық түпнұсқаулық екендігін куәландырамын.

Қоса берілген Түзету 2005 жылы 8 шілдеде Венада 2005 жылы шілденің 4-ден 8-ге дейін ХАЭА-нің Орталық мекемелерде өткен конвенцияға ұсынған түзетулерді қарастыру және қабылдау жөніндегі конференциясында қабылданды.

Иоган Раутенбах

Құқықтық мәселелер жөніндегі бюросының директоры

БАС ДИРЕКТОРЫ атынан

2008 жылы 27 мамыр

**РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Түзетудің мәтіні ағылшын, араб, қытай және француз тілдерінде берілген.**